

Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ
«ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ» КАФЕДРАСЫ

Бекітпді
«Инновациялық білім беру»
факультетінің кеңес отырысының
2022 ж. «9» сәуірінде хаттама № 6
шешімімен
факультет деканы
 Муханбетжанова А.У.

7М01101-ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

2022-2023 оқу жылы

Атырау, 2022

№	Пәннің коды және атауы	Курстың мақсаты Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы	Пререквизит тер	Қалыптасатын құзыреттіліктер (30 сөзден көп емес)	Пәндер циклы		Акад /лық кред ит көле мі	Ұсы нылғ ан семес тр
					(ЖБП, БП, КП)	ЖК, ТК		
1 курс								
1	PVSh 5203 Жоғары мектеп педагогикасы	<p>Пәннің мақсаты: Жоғары мектеп педагогикасының мақсаты – студенттерді оқу орындарының кез келген түрімен байланыстыратын педагогикалық іс-әрекетке даярлау.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары: Педагогика ғылымы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны. Жоғары білім берудің қазіргі парадигмасы. Қазіргі әлемдегі жоғары білім беру жүйесі. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігі. Жоғары мектептегі оқыту теориясы (Дидактика). Жоғары мектептегі оқытудың ұстанымдары мен заңдылықтары. Жоғары кәсіби білім берудің мазмұны. Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен түрлері. Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы. Жоғары мектептегі жаңа білім беру технологиялары. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің теориясы. Жоғары</p>	Бакалавр бойынша алынған білімдеріне негізделеді	Жоғары мектеп оқытушының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негіздерін игеру, жоғары мектеп дидактикасы, тәрбие теориясы мен білім менеджменті, оқытушы қызметін талдау және өзін-өзі бағалау негізінде жоғары оқу орындары мен колледждерде педагогикалық іс-әрекетті жүргізу қабілетімен педагогикалық құзіреттілікті қалыптастырады.	БП	ЖК	5	1

		мектеп маман тұлғасын тәрбиелеу мен қалыптастырудағы әлеуметтік институты ретінде. Педагогикалық қарым-қатынас. Жоғары оқу орнын басқару						
2	PsiVSh 5204 Жоғары мектеп психологиясы	<p>Пәннің мақсаты: магистранттарға жоғары мектеп психологиясы негіздері арқылы алғашқы білімдерін педагогикалық әрекеттерінде қолдана алудың кәсіптік мүмкіншіліктерін кеңейту.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары: жоғары мектеп дидактикасы, білім беру теориясы, жүйелілік көзқарасы өзін-өзі дамыту үдерісінің тұжырымдамалық бағыттары, оларға жалпы ғылыми дамыту педагогикасының идеялары, іс-әрекет теориясының негізгі ережелері білім беру философиясы, таным теориясы, тұлға қалыптасуының теориясы іс-әрекет тұжырымдамасының негіздемесі (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, жоғары кәсіби білім беру аймағындағы жалпы дидактикалық зерттеулері</p>	Бакалавр бойынша алынған білімдеріне негізделеді	Педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік психологиялық табиғатын; танымдық әрекеттегі психикалық және танымдық қасиеттерін; психологиялық-педагогикалық әрекет ету спецификасы мен мазмұнын; әсер ету объектілерінің индивидуалды ерекшеліктерін. жоғарғы оқу орнында педагогикалық үрдістің ерекшеліктері; педагогикалық шеберліктің теориялық және практикалық жүзін пайдалануға құзыретті.	БП	ЖК	5	1
3	5208 KIDMPsiO Психологиядағы және білім берудегі мәдени –тарихтың және іс-әрекеттік әдістер	<p>Пәннің мақсаты: психологиялық көзқарастардың қалыптасуының негізгі басы және психологиялық ұғымдарды меңгеруінің механизмдерін көрсету. Сонымен қатар магистранттарға мәдени-тарихи және іс-әрекеттік психологиясының әдіснамалық және теориялық негіздерін меңгерту.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары: Тұлға дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасы. Сананың жүйелілік және мағыналық құрылымы туралы түсінік. Экспериментальды генетикалық әдіс. Іс-әрекеттік-бағыттылық теориясы.</p>	Педагогика	Мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастығын шешудегі білім берудегі мәселерді анықтауға; мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастықты меңгере отырып, оқушыларды оқыту мен дамыту диагностикасының әдістемесін тандауға; психологияның ғылыми-ұғымдық аппаратымен жұмыс істеуге; зерттеулер үшін қажетті әдістер мен әдістемелерді дұрыс тандауға құзыретті.	БП	ЖК	7	2

		Психологиядағы іс-әрекет категориясы мен іс-әрекет ықпалы. Іс-әрекет ықпалындағы тұлға түсінігін анықтаудағы мәселелер.						
4	5301 MPPPBSPD/OFIPL Тұлғалық потенциалдың интеллектуалды қалыптасуының негіздері	<p>Пәннің мақсаты: зиялы қоғамды құруда білім беру жүйесінің инновациялық дамуы, адамзаттың рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа мирасқорлықпен жеткізе алатын, көптілі және ұлттық өркениеттік мәдениетті меңгерген, бәсекеге қабілетті, инновациялық және ақпараттық технологияларды меңгерген, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген, халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын, интеллектуалды әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыру.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттың әлеуетін қалыптастыру негізі. 2. Тұлғаның интеллектуалды әлеуетінің қалыптасуы. 	Жоғары мектеп педагогикасы Жоғары мектеп психологиясы	Қоғамдық және өңбек өркөтіне тиімді және констуктивті түрде қатысуға жағдай жасайтын мінез-құлықтың барлық формаларын меңгерген, сонымен қатар қақтығыстардың алдын ала алатын және шеше алатын, мәмілеге қол жеткізетін, өз ойын ұжым ойымен келістіре алатын құзыреттіліктер.	БП	ТК	5	2
	5301 Педагогикалық дау-дамай және медиация	<p>Пәннің мақсаты: дау-дамай саласындағы білімдер жүйесін, әлеуметтік дау-дамайларды талдау дағдыларын, педагогикалық саладағы дау-дамайларды шешуде заманауи технологияларды қолдана алуын қалыптастыру.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазіргі заманғы дау-дамай мәселесі 2. Дау-дамай туындауына себепші факторлар 3. Дау-дамайлардың құрылымы мен динамикасы 4. Тұлғашілік дау-дамайлар 5. Тұлғааралық дау-дамайлар 	Жоғары мектеп педагогикасы Жоғары мектеп психологиясы	Дау-дамай тудыратын факторларды талдай алу, әртүрлі деңгейдегі дау-дамайларды шешу және диагностикалау, дау-дамайларды реттей алу, медиациялық әдістерді оңтайлы қолдана алу құзыреттілігі қалыптасады.				

5	<p>POPedD 5302</p> <p>Педагогикалық іс- әрекеттің психологиялық негіздері</p>	<p>Пәннің мақсаты: болашақ мұғалімдерді және магистранттарды педагогикалық іс-әрекет психологиясының әдіснамалық және теориялық негіздерін меңгерту, кәсіби маңызды қасиеттерімен және педагогикалық құзіреттілікті қалыптастыру</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздерінің методологиясы 2. Педагогикалық іс-әрекет және теориялар 3. Педагогикалық іс-әрекеттің психологиясы 	<p>Жоғары мектеп педагогикасы</p> <p>Жоғары мектеп психологиясы</p>	<p>Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірибесін іске асыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өз іс-әрекет нәтижелерінің өлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінуін, оны үнемі жетілдіріп отыруын қалыптастыру.</p>	КП	ТК	5	2
6	<p>5302 Андрагогика</p>	<p>Пәннің мақсаты: магистранттардың ересектерге білім беру саласы бойынша кәсіби құзырлылықтарын қалыптастыру</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Андрагогиканың ғылыми мәртебесі 2. Ересектерге білім берудің тарихы 3. Үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері 4. Ересектерге білім берудің технологиялары мен әдістері 	<p>Жоғары мектеп педагогикасы</p> <p>Жоғары мектеп психологиясы</p> <p>Басқару психологиясы</p>	<p>Андрагогиканың ғылыми ерекшелігі, ұғымдары, категориялары туралы; ересектерді оқытудың алыс - жақын шет елдерде, өз еліміздегі даму тарихы жайлы; ересек білім алушының өлеуметтік - психологиялық сипаттамасын; субъектіліктің белгілері мен көрсеткіштерін; ересектерге білім берудің әдіснамалық амалдары мен ұстанымдарын білетін болады. Ересектерді оқытудың технологияларын үйреніп, дәрістер мен семинар т.б. үлгі жоспарлар мен бағдарламаларды дербес меңгеретін болады.</p>				
7	<p>5303 ММРРРВСПД Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер</p>	<p>Пәннің мақсаты: Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға ретінде болашақ педагогтарды жоғары оқу орны, балабақша, мектеп қызметінде өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзіретті мамандарды қалыптастыру</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер» пәні, 	<p>Жоғары мектеп педагогикасы</p> <p>Жоғары мектеп психологиясы</p> <p>Басқару психологиясы</p>	<p>Болашақ мамандарды білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы) сәйкесінше игеруден тұратын құзіреттіліктер.</p>	КП	ТК	5	2

		<p>міндеттері, мамандарды дайындауда атқаратын рөлі және маңызы</p> <p>2. Болашақ мамандардың кәсіби дайындығын ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтары</p> <p>3. Кәсіптік қызметке дайындауды жоспарлаудың психологиялық-педагогикалық жүйесі</p>						
	5303 Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру	<p>Пәннің мақсаты: Студенттерді зерттеу әрекетіне кәсіби қызығушылығын қалыптастыру. Психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстарының орындалу әдістемесін, заңдылықтарын меңгерту.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <p>1. Ғылыми-зерттеу пәннің мақсат, міндеттері және мазмұны.</p> <p>2. Психологиялық, педагогикалық зерттеу әдістерімен эксперимент жүргізу әдістемесі.</p> <p>3. Әдебиеттермен жұмыс істеу әдістемесі. Курстық, дипломдық жұмыстарды орындау әдістемесі.</p>	<p>Жоғары мектеп педагогикасы</p> <p>Жоғары мектеп психологиясы</p> <p>Басқару психологиясы</p>	<p>Қоғамдық және еңбек әрекетіне тиімді және конструктивті түрде қатысуға жағдай жасайтын мінез-құлықтың барлық формаларын меңгерген, сонымен қатар қақтығыстардың алдын алу және шешу, мәмлеге қол жеткізу, өз ойын ұжым ойымен келістіре алу құзыреттіліктері</p>				
8	5304 NIDOKP Кеңес беру психологиясы саласындағы ғылыми – зерттеу іс- әрекеті	<p>Пәннің мақсаты: Психологиялық дүниетаным мен психологиялық кеңес берудің негізгі ұғымдарды қалыптастыру; Фундаменталды психологиялық ұғымдар бойынша ғылыми-теориялық білімді молайту; Психологиялық кеңес беру ғылымы туралы түсініктерін дамытып, пәннің мазмұнын ашу.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <p>1. Психологиялық кеңес берудің негізгі кезеңдері.</p> <p>2. Гуманизмге бағдарланған кеңес беру</p> <p>3. Кеңес беру процесіндегі маманның тұлғасы</p>	<p>Жоғары мектеп педагогикасы</p> <p>Жоғары мектеп психологиясы</p> <p>Басқару психологиясы</p>	<p>Кеңес беру психологиясы саласындағы ғылыми-зерттеу мәліметтеріне сүйене алу, талдай алу, әртүрлі деңгейдегі мәселерде кеңес бере алу және диагностикалау, кеңес берудің оңтайлы әдістерін қолдана алу құзыреттілігі</p>	КП	ЖК	5	2

5. Қазіргі заманғы топтық терапияның кейбір бағыттары

2 курс

1	MPPsiD 5305 ЖОО-ғы психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: психологияны оқу пәні ретінде оқыту ерекшеліктері және алынған білімді психологияны оқыту тәжірибесінде қолдана алу біліктілігін жүзеге асыра білу туралы ғылыми-әдістемелік білімдерді қалыптастыру</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Психология оқу пәні ретінде2. Оқыту психологиясы және оқытудың белсенді әдістері3. Психология пәні бойынша оқу сабақтарының формалары мен оларды жүргізу әдістері4. Психологияны оқытуды бақылау мен бағалау	<p>Жоғары мектеп педагогикасы, Жоғары мектеп психологиясы Басқару психологиясы Психологиядағы және білім берудегі мәдени – тарихтың және іс-әрекеттік әдістер Тұлғалық потенциалдың интеллектуалды қалыптасуының негіздері Педагогикалық дау-дамай және медиация Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері Андрагогика Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру Кенес беру психологиясы саласындағы ғылыми – зерттеу іс- әрекеті</p>	<p>Магистрант алынған психологиялық білімдерді оқытудың түрлі формаларына сәйкес әдістер мен құралдар арқылы меңгеруді ұйымдастырады және қадағалайды, оқу материалын өзбетімен дұрыс талдап, оқытудың тиімді құралдары мен дағдыларын қалыптастырады.</p>	КП	ЖК	5	3
---	--	---	--	--	----	----	---	---

2	РІР 5306 Педагогтың кәсіби имиджі	<p>Пәннің мақсаты: Болашақ мұғалімнің жеке педагогикалық бейнесін қалыптастыру негізінде психологиялық-педагогикалық білім беру шеберінің негізгі кәсіби құзіреттілігін, жеке және кәсіптік «Мен-тұжырымдаманы», өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін және педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғаның шығармашылық әлеуетін іске асырудың қажеттілігін білуге негізделген.</p> <p>Пәннің негізгі таруалары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Педагогикалық имиджологияның теориялық негіздері. 2. Педагогикалық мамандықтағы имидж. 3. Мұғалімнің кескін технологиясы. 4. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі бейнелеу. 5. Оқу орнының имиджі. 6. Педагогикалық имиджологиядағы диагностика 	Жоғары мектеп педагогикасы, Жоғары мектеп психологиясы Басқару психологиясы Психологиядағы және білім берудегі мәдени – тарихтың және іс-әрекеттік әдістер Тұлғалық потенциалдың интеллектуалды қалыптасуының негіздері Педагогикалық дау-дамай және медиация Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері Андрагогика Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру Кеңес беру психологиясы саласындағы ғылыми – зерттеу іс- әрекеті	Жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігі; кураторға тән болуы тиіс барлық қасиеттер мен қабілеттер жиынтығы және педагогтың бойынан табылатын субъектілік, нысандық, пәндік компоненттер	КП	ЖК	5	3
	5306 Бірлестік педагогикасы	Пәнді оқытудың мақсаты: Бірлестік педагогиканың жалпы негіздерін, ғылыми жетістіктерін,	Жоғары мектеп педагогикасы,	Педагогика ғылымының адам туралы ғылымдар жүйесіндегі алатын орнын, ғылыми-терминологиялық аппаратын,				

		<p>оқыту, тәрбиелеу әдістерін үйрету, озық тәжірибелерді меңгерту. Бірлестік педагогика курсы студенттердің педагогикалық білімдері мен шеберліктерінің тереңдеуіне алдын ала қор жасайды, студенттерге қазіргі коррекциялық педагогика ғылымының теориялық негіздерін бере отырып, іс жүзінде қолдану жағдайын қарастырады.</p> <p>Пәннің негізгі тараулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бірлестік педагогика пәні мен міндеттері. 2. Бірлестік педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы 	<p>Жоғары мектеп психологиясы Басқару психологиясы Психологиядағы және білім берудегі мәдени – тарихтың және іс-әрекеттік әдістер Тұлғалық потенциалдың интеллектуалды қалыптасуының негіздері Педагогикалық дау-дамай және медиация Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері Андрогогика Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру Кеңес беру психологиясы саласындағы ғылыми – зерттеу іс-әрекеті</p>	<p>ғылыми әдістерін меңгеру, педагогика пәні және оның категориялары: тәрбие, оқыту, білім беру және олардың өзара байланысын білу құзыреттілігі</p>				
3	5307 МРРДВ ЖОО-ғы педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі	<p>Пәннің мақсаты: Магистранттарды педагогикалық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі педагогиканы</p>	<p>Жоғары мектеп педагогикасы, Жоғары мектеп психологиясы</p>	<p>Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуге, әдіснамалық қағидаларымен танысып, олардың негізгі</p>	КП	ЖК	5	3

		<p>оқытудың теориясы мен тәжірибесін, оқытудың мазмұнын, формаларын және әдістерін, педагогиканы оқыту процесінің әдістемесі мен әдістерін меңгеруге қажет практикалық білім мен дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық ыңғай жасай білуге үйрету.</p> <p>Пәннің негізгі таруалары:</p> <p>I. Педагогикалық мамандыққа кіріспе.</p> <p>II. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері.</p> <p>III. Тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы</p>	<p>Басқару психологиясы</p> <p>Психологиядағы және білім берудегі мәдени – тарихтың және іс-әрекеттік әдістер</p> <p>Тұлғалық потенциалдың интеллектуалды қалыптасуының негіздері</p> <p>Педагогикалық дау-дамай және медиация</p> <p>Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері</p> <p>Андрогогика</p> <p>Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер</p> <p>Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру</p> <p>Кеңес беру психологиясы саласындағы ғылыми – зерттеу іс- әрекеті</p>	<p>ғылыми, зерттеу және әдістемелік іс-әрекеттің, жұмыстың ғылыми ұйымдастыру кезеңі мен ресурстарын тиімді пайдаланудың ережелері мен қағидаларын, заңдылықтарын біпуге құзырлы</p>				
4	5308 PPOTSOB ЖОО-ғы оқыту технологиясы мен білім беру мазмұнының психологиялық-педагогикалық негіздері	<p>Пәннің мақсаты: Болашақ мұғалімдерде педагогикалық құбылстарға тарихи тұрғыдан негізделген педагогикалық дүниетанымды, педагогикалық</p>	<p>Жоғары мектеп педагогикасы, Жоғары мектеп психологиясы</p> <p>Басқару психологиясы</p>	<p>Ақпараттық құзырлықтар: жеке және топтық жұмыста педагогикалық ақпаратты іздеу жоспарын құруы; жинақталған ақпараттан бірінші және екінші талдау деңгейіндегі (анализ, синтез, абстракция, салыстыру, жүйелендіру, топтастыру) жұмыстарын жүргізуі;</p>	КП	ТК	8	3

	<p>NShTSP 5308 Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер мен теориялар</p>	<p>категорияларды жете ұғыну біліктілігін қалыптастыру. Болашақ мұғалімді даярлаудың негізі ретіндегі кәсіби-педагогикалық іс-әрекет теориясы туралы білімдермен қамтамасыз ету. Болашақ мұғалімдерде өзіндік кәсіби іс-әрекетті жүйелі байқау біліктілігін қалыптастыру. Пәннің негізгі таруалары: 1. Білім беру жүйесінің жалпы сипаттамасы 2. Жаңа білімдер мен қабілеттердің қалыптасу стратегиялары. 3. ЖОО-ғы педагогиканы оқытудың принциптері. 4. Педагогика сабақтарында оқытудың техникалық құралдарын қолдану. 5. Қазіргі заманғы білім беру технологияларының даму тенденциялары мен принциптері. Пәннің мақсаты: Магистранттардың қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер және теориялар туралы түсініктерін дамыту, тұлғаның жан-жақты дамып, қалыптасуы және тұлғаның қажеттіліктері, мотивтері, бағдары турасында психологиялық сипаттама бере отыра түрлі көзқарастардың, мектептердің тұжырымдарын сатылап қарастыру. Пәннің негізгі таруалары: Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептер және теориялар. Тұлғаның қажеттіліктер мен мотивтері. Тұлғаның дамуына ықпал етуші негізгі факторлар туралы түсінік. Қазіргі тұлға психологиясының зерттеу әдістеріне сипаттама.</p>	<p>Психологиядағы және білім берудегі мәдени – тарихтың және іс-әрекеттік әдістер Тұлғалық потенциалдың интеллектуалды қалыптасуының негіздері Педагогикалық дау-дамай және медиация Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері Андрагогика Болашақ мамандарды кәсіби іс – әрекетке психологиялық педагогикалық дайындаудағы әдіснама мен әдістер Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру Кеңес беру психологиясы саласындағы ғылыми – зерттеу іс- әрекеті</p>	<p>Коммуникативті құзырлықтар: жазбаша түрінде өз ойын нақты, жүйелі, логикалық жеткізуі; өз сөзінде ойын жеткізуде логикалық, риторикалық, кері байланыс тәсілдерін, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын пайдалану.</p> <p>Қазіргі психологиядағы ғылыми мектептердің зерттеу бағыттарын талдап, қазіргі теориялардың ерекшеліктері мен бір бірімен байланысын ажыратып, алған білімдерін психологиялық теориялардың педагогикалық тәжірибеде қолдануға құзыретті</p>				
--	--	--	--	---	--	--	--	--

		Персонология дәуірінің қалыптасуы мен даму тарихына шолу. Тұлғаны психологиялық құрылым ретінде талдаудың негізгі деңгейлері.						
--	--	---	--	--	--	--	--	--

Келісiлдi жұмыс берушi:

Үйым/кәсiпорың басшысы,
Каспий өңiрiнiң қазiргi заманғы жоғарғы колледжi
директоры
М.Х.Мухтаров



Жоғары оқу орны келісiлдi:

Бiлiм бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету
офисiнiң жетекшiсi Ж.У.Сулейменова

Кафедра меңгерушiсi Г.Қ.Шұғаева